

## Әкімшілік жазаға тарту туралы хабарлама

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) осы хабарламамен өзінің акционерлеріне, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті (бұдан әрі ҚҰБ ҚҚК) Биржаны, әрқайсысы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік тәртіп бұзушылық туралы" Кодексінің 193 бабының 1 бөліміне және 197-1 бабы негізінде, 50 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі 2 айыппұл түрінде, әкімшілік жазаға тартқаны туралы хабарлайды.

Әкімшілік жазаға тарту туралы 2012 жылдың 29 және 30 наурызындағы қаулыларда Биржаның сауда-саттық жүйесіне берілген өтінімдер туралы ҚҰБ ҚҚК алдында берген Биржаның күнделікті есептерінде дерексіз мәліметтер беру фактілері анықталғаны көрсетілген.

Биржаның мамандары айтылмыш есептерді талдай отырып, анықтады:

- "қосарлы" мәртебесі бар және сауда-саттық жүйесінің баға белгілеулері терезесінде көрсетілмеген, өтінімдер туралы есептерде артық ақпараттар тіркелуінің жеке фактілері анықталған;
- мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша жеке нарықтық өтінімдер бойынша қаржы құралдарының саны туралы мәліметтері бойынша есептердің көрсетілуінде дәлсіздіктер кездеседі;
- ҚҰБ ҚҚК берілетін есептер бір файлмен ұсынылған (бұл ретте, НҚА бөлек қарастырылғанымен, мемлекеттік және беймемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп беру нысандарының мазмұны бір-біріне ұқсас, сондай-ақ есептер бөлек файлдармен берілуі тиіс деп еш жерде жазылмаған).

ҚҰБ ҚҚК-мен хат алмасуында Биржа уәкілетті органның жоғарыда аталған өтінімдер туралы биржалық ақпаратты ұсыну ерекшеліктері (*ескерт.: Биржа бұл фактілерді дерексіз ақпарат емес ақпараттардың ерекшеліктері деп санайды*) Биржада жасалған мәмілелер туралы ақпараттармен мүлде байланысы жоқ екендігіне және жасалған мәмілелер туралы ақпаратты бұрмаламайтынына назарын аударды. Биржа уәкілетті органға беретін есептердің мазмұны ақпараттандыру сипатта болады. Демек, есептерде анықталған ерекшеліктерді кемшілік деп санағанымен, олар бағалы қағаздар нарығының субъектілері үшін қандай да бір көзге көрінен залалын тигізген жоқ, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің жалпы қаржылық жағдайына ықпал етпейді және бағалы қағаздар нарығы субъектілері тарапынан да, мемлекет тарапынан да қандай да бір шығындарға ұшыратпайды.

Биржа өзінің кез келген акционерінің сауалы бойынша осы сұраққа байланысты толығырақ ақпарат беруге, сондай-ақ жоғарыда аталмыш қаулылардың көшірмелерін ұсынуға дайын.